

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Әке – тәрбие саңлағы»

Әкелер жиналысы

Өткізілген орны: АКТ залы

Жауапты: Әдіскер

Жиналыстың мақсаты:

Әкелердің бала тәрбиесіндегі рөлін нығайту, отбасы құндылықтарын насихаттау және баланың жан-жақты дамуына әкенің қосатын үлесін арттыру.

Әдіскер Саттыкова А Қатысушылармен таныстырып, жиналыстың мақсаты мен маңыздылығын түсіндірді. Тәрбиеші **«Әке – отбасының тірегі»** атты баяндама оқыды. Психолог әкелерге **«Баланың психологиялық дамуына әкенің әсері»** атты кеңес берді. Бала тәрбиесінде әкенің эмоциялық қолдауы туралы, Әкенің қатысуы баланың өзіне деген сенімділігін қалай арттырады? деген сұрақтарға жауап алып, Тиімді қарым-қатынас орнату жолдарын атап көрсетіп берді. Жиналыс барысында балабақша басшысы мен тәрбиешілер әкелердің бала өміріндегі маңызы туралы баяндама оқып, отбасы тәрбиесінде әкенің атқаратын қызметі жайлы ой қозғады. Сонымен қатар, психолог маман **«Әкенің бала психологиясына әсері»** тақырыбында кеңес беріп, тәжірибелік жаттығулар ұйымдастырды. Әкелер мен балалар бірге ұлттық ойындар ойнап, спорттық жарыстарға қатысты. Жиналыс соңында қатысушылар өз пікірлерін ортаға салып, балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған ұсыныстар айтылды. Әкелер белсенділік танытып, осындай кездесулерді жиі ұйымдастыру қажеттігін қолдады. Тәжірибелік бөлімде **Әкелермен тренингтер ұйымдастырылды.** «Әке мен бала» сұрақ-жауап ойыны, Әкелерге арналған **«Менің балам – менің мақтанышым»** ойыны «Әке мен баланың ортақ уақыты» тақырыбында пікірталас ұйымдастырылды. **«Жүректен жүрекке» атты Қорытынды бөлімде** Әкелердің пікірлері мен ұсыныстары, Балалардан әкелеріне арналған жүрекжарды сөздер тыңдалды. Әкелер мұндай кездесулердің маңыздылығын атап өтіп, болашақта жиі ұйымдастыруға қолдау білдірді.

Әдіскер: Саттыкова А